«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АБАЙ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
ФИЛИАЛ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН» В ОБЛАСТИ АБАЙ

SEMEI

№ 01-05/082
23.10.2026

Абай облысының аумақтық сайлау комиссиясы
Семей қ, Абай көшесі, 86,
Абай кітапханасының ғимараты
№ 17 кабинет, Тел: 8 7222 56 08 01

Семей қаласының аумақтық сайлау комиссиясы
Семей қ., Абай көшесі, 86
Абай атындағы кітапхана ғимараты
Тел: 8 7222 52 60 06

Абай облысы аудандарының аумақтық сайлау комиссияларына

«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Абай облыстық филиалы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңының 28-бабының 3-тармағын орындау мақсатымен 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатысатын партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын Кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын телеарна эфирінде орналастыру шарттары мен тәртібі жәнеде төлем мөлшері көрсетілген ақпараттық хабарламаны жолдайды.

Сонымен қатар Телеканалдың ресми сайттарында сондай-ақ https://semeitv.kz/kz/info және https://semeitv.kz/ru/info сілтемелері бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланған ақпараттық хабарламамен бірге Абай облыстық филиалы қосымшаға сәйкес сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін бекітілген прайс-парақшаларын жолдайды.

Қосымша: 3 парақта.

«Қазақстан» РТРК» АҚ-ның Абай облыстық филиалының директоры **Бекенов Н.М.**

Орынд. Уалиева Ж. 8 7222 34 14 13

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан» Республикалық телерадикорпорациясы» акционерлік қоғамы Абай облыстық филиалының 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатысатын партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтер бойынша сайланатын Кандидаттар сайлауалды үгіт материалдарын телеарна эфирінде парақшаларда орналастырудың жалпы шарттары

«Қазақстан» Республикалық телерадикорпорациясы» акционерлік қоғамы Абай облыстық филиалы (бұдан әрі - Филиал) «Semei» аймақтық телеарнаның (бұдан әрі - Телеарна) атынан, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес, сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі – Үгіт материалдары) Телеарнада орналастыру шарттары мен тәртібі, төлем мөлшері туралы хабарлайды.

Телеарна, Филиал мен 1) Қазақстан Республикасы Мәслихаттарының депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған және тіркеген Саяси партия арасында немесе Саяси партияның уәкілетті өкілі арасында (бұдан әрі – Саяси партия); 2) бірмандаттық аумақтық сайлау округтер бойынша сайланатын Кандидатпен немесе Кандидаттың уәкілетті өкілі арасында (бұдан әрі - Кандидат) жасалатын жазбаша шарт негізінде Үгіт материалдарын орналастырады. Сонымен қоса Телеарнада Үгіт материалдарын орналастыру Телеарна бекіткен монтаждау парақтарына сәйкес жүзеге асырылады, ал монтаждау парақтары жазбаша өтініш берілген күні Телеарнада бар техникалық мүмкіндіктерге сәйкес, яғни Телеарнаның эфирлік уақытының жоспарлы уақыт аралығында жарнаманың болуына және/немесе болмауына қарай, Үгіт материалдарының эфирге жоспарлы шығуына дейін күнтізбелік 2 (екі) күн бұрын әзірленеді.

Үгіт материалдарын Телеарна эфирінде орналастыру төмендегі Үгіт материалдарын орналастыру жолымен жүзеге асырылады:

1) қазақ немесе орыс тілдерінде хронометражы 10 (он) секундтан кем емес бейнероликтер;

2) арнайы репортаждар;

3) өзге де Үгіт материалдары.

Саяси партияның/Кандидаттың не болмаса оның уәкілетті өкілінің Филиал басшысының атына жазған жазбаша өтініші Үгіт материалдарын орналастыру туралы шарт жасау үшін негіздеме болып табылады.

Үгіт материалдарының саны, хронометражы, орналастыру жоспарланған күн мен уақыт Саяси партияның/Кандидаттың не болмаса оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, кейіннен олар шарт талаптарымен бекітіледі.

Өтініш Саяси партиялардың/Кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында, кезектілік тәртібімен, әр жазбаша өтінішке реттік нөмір тағайындау және өтініштің келіп түскен күнін белгілеу жолымен тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі керек:

1) Саяси партияның партиялық тізімінің/Кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) Саяси партия/Кандидаттың өкілінің уәкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) өтініш берген тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

4) шарт жасау үшін тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Телеарналар эфирінде интернет-ресурстарда Саяси партиялардың/Кандидаттардың Үгіт материалдарын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не болмаса, егер өтініштер бір уақытта келіп түскен жағдайда, жеребе бойынша белгіленеді. Жеребе өткізу тәртібі мен шарттарын Филиал белгілейді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте, сұратылып отырған уақыт ертерек жүгінген басқа Саяси партияға/Кандидатқа берілген болса немесе техникалық мүмкіндіктерге байланысты берілуі мүмкін болмаса Филиал Телеарнаның техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, Саяси партияға/Кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақыт ұсынады.

Үгіт материалдары Телеарнада эфирге жоспарлы шығуына орналастырылуына дейін кем дегенде күнтізбелік 2 (екі) күн бұрын ұсынылуы тиіс.

Үгіттік **аудиовизуалдық материалдар (бейнероликтер)** DVCPRO HD немесе XDCAM HD 50 Мбит/сек кодталған форматта, profile 4:2:2, секундына 25 кадр, HD стандартындағы кадр өлшемімен, өрістету түрі interlaced, өрістерді құру жолы: үстіңгі бірінші өріс (top field first) кадрдың қатынасы 16:9, біріктірілген дыбыспен және көрсетілген тайм-кодпен ұсынылады. Аудиосүйемелдеу келесі объективті және субъективті техникалық талаптарға сәйкес болуы тиіс: серпінді диапазон кемінде 40 дБ; жиіліктік диапазон кемінде 20 Гц – 20000 Гц; студиялық жазбада бейсызықтық бұрмалау коэффициенті 1 %-дан артық емес; сигналдың акустикалық ревербациясы («жаңғырық») болмауы тиіс; сөйлеу 100% анық болуы тиіс; жазбада бөтен дыбыстар, шулар, кедергілер естілмеуі тиіс; 1-2 дыбыс жолақтары үшін түйістірілген дыбыс (оң және сол дыбыс жолақтары қайталануы тиіс) қажет; 3-4 дыбыс жолақтары үшін ажыратылған дыбыс қажет.

Үгіт материалдары сыртқы тасымалдағыштарда (қатты диск, флеш-карта) беріледі.

Электрондық тасымалдағышпен бірге Үгіт материалдарын орналастыру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы қойылған, Үгіт материалының мазмұны болып табылатын мәтіннің түсіндірмесі, суреттері Үгіт материалдарында пайдаланылған тұлғалардың жазбаша рұқсаттары, ал олар қайтыс болған жағдайда – мұрагерлерінің жазбаша рұқсаттары, жарнамалық материалдарда кәмелетке толмаған балалардың суреттері пайдаланылған жағдайда – ата-аналарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының жазбаша рұқсаттары беріледі.

Үгіт материалдарында олардың төленуі, қаржыландыру көздері туралы дыбыстық немесе визуалды ақпарат болуы тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған Саяси партиялар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамаға сәйкес болуына дербес жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген тәртіп пен талап бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарт талаптары бұзылған кезде Үгіт материалдарын эфирге шығару жүргізілмейді не болмаса бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатылады.

Егер үгіт материалдарында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздерін күштеп өзгерту, оның аумақтық тұтастығына, егемендігі мен тәуелсіздігіне қол сұғу, қоғамдық тәртіпті бұзу, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіру, соғысты, қарулы қақтығыстарды, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық немесе діни үстемдікті не алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттау идеялары, сондай-ақ осындай әрекеттерді жасауға шақырулар қамтылған болса, Филиал оларды орналастырудан бас тартады.

Филиал Үгіт материалдарында Қазақстан Республикасы Мәслихаттар депутаттығына басқа да кандидаттардың арына, намысына немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда оларды орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген Үгіт материалдарын орналастыру тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Телеарнада Үгіт материалдарын орналастыру құны және тілі

№	Телеарна атауы	Орналастыру түрі	Орналастыру тілі	1 минуттың құны, теңгеде, соның ішінде ҚҚС
1	«Semei» телеарнасы	Видеороликті орналастыру	Қазақ, орыс	12 000
2	«Semei» телеарнасы	Арнайы репортаждарды орналастыру	Қазақ, орыс	15 000
**Қосымша жеңілдіктер қарастырылмаған*				

Орналастыру құны Телеарнаның барлық қолжетімді хабар тарату орталарында (эфирлік аналогтық, эфирлік цифрлық, жерсеріктік, сондай-ақ кабельдік операторлар арқылы және Интернет желісінде) трансляциялауды және ретрансляциялауды қамтиды.

Жасалған шарт бойынша Телеарнада Үгіт материалдарын таратқаны үшін төлем жасау Филиал ұсынған төлем шоты негізінде, шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Филиал жазбаша өтініштерді 2026 жылғы 01 қараша бастап, 2026 жылғы 25 қараша қоса алғандағы мерзімге дейінгі аралықта, сағат 10:00 бастап сағат 18:00 дейін (жергілікті уақыт бойынша), (үзіліс уақыты – сағат 13:00 бастап сағат 14:30 дейін), төмендегі мекенжай бойынша қабылдайды:

✓ «Semei» телеарнасында орналастыру үшін Семей қ., Шұғаев көш., 157;

Жазбаша өтініштер факсимильдік және Интернет байланыс арқылы қабылданбайды.

«Қазақстан» Республикалық телерадикорпорациясы» акционерлік қоғамы Абай облыстық филиалынынфилиалы